

## **Шектеу іс-шараларын немесе карантин аймағының ветеринарлық режимін Теректі ауылдық округінде тоқтату туралы**

Алматы облысы Алакөл ауданы Теректі ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 20 тамыздағы № 18 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағына және Қазақстан Републикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, Алакөл аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық–санитарлық инспекторының 2012 жылғы 01 шілдедегі №43 ұсынысы және 2012 жылғы 01 шілдедегі № 44 ұсынысы негізінде, Теректі ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Теректі ауылдық округіне ұсақ малдары арасынан бруцеллез ауыруының анықталуына байланысты, қойылған шектеу іс-шаралары және карантин аймағының ветеринарлық режимі тоқтатылсын.

2. Теректі ауылдық округі әкімінің 2012 жылдың 23 шілдедегі № 16 "Шектеу іс шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" Алакөл ауданының әділет басқармасына тіркеу тізіліміне 2012 жылдың 09 тамызында 2-5-185 нөмірімен енгізілген, Алакөл аудандық "Алакөл" газетінің 2012 жылдың 30 тамызындағы 33 нөмірінде жарияланған шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жасауды өз құзырымда қалдырамын.

*Округ әкімі*

*Б. Әзімжанов*